

**Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

«Балбөбек»бөбекжай-бақша

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.



Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.</p> <p><b>Музыкаға деген қызығушылықты ояту,</b> музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>